

«Бекітемін»

Басқарма Төрайымы
Жакупова Ж. Б.

күні

айы

жылы

«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)

Сатып алу	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін веб-сайт арқылы тауарлар/қызметтер/жұмыстарды сатып алу бойынша ашық конкурс
Тапсырыс беруші (Сатып алуды ұйымдастырушы)	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС. БСН: 051040001396 КБЕ: 15 Мекенжайы: Алматы қ., Әуезов к-сі, 60 ЖСК KZ9096502F0008324513 БСК IRTYKZKA Банктің атауы: «ForteBank» акционерлік қоғамы
Веб-сайт	www.asiancreditfund.com
Конкурсқа қатысуға әлеуетті өнмі берушілердің өтінімдері қабылданатын орын	www.asiancreditfund.com веб-сайтында
Конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі	кем дегенде 20 (жиырма) күнтізбелік күн.

 АЗИЯЛЫҚ ЕСИЕ ҚОРЫ АЗИАТСКИЙ КРЕДИТНЫЙ ФОНД ASIAN CREDIT FUND	1.0 нұсқасы	13 беттің 2 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

1 Мазмұны

1. Сипаттама және сатып алынатын қызметтердің талап етілетін техникалық, сапалық, сандық және пайдаланушылық ерекшеліктері	3
2. Тауарлар/жұмыстар/қызметтердің жеткізу орны, талап етілетін мерзімі (кестесі) және шарттары, ұсынылатын қызметтердің сапасына кепілдік беру	3
3. Төлем шарттары	3
4. Бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін бағалаудың және салыстырудың барлық міндетті критерийлерінің сипаттамасы	3
5. Баға ұсынымының мазмұнына қойылатын талаптар	4
6. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы көрсетілуі тиіс Валюта немесе валюталар және оларды салыстыру және бағалау мақсатында баға ұсыныстарын бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам	4
7. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді құру және ұсыну тіліне қойылатын талаптар	5
8. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды қайтару	5
9. Әлеуетті өнім берушілер олардың көмегімен конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсініктемелер сұрата алатын әдістер	5
10. Конкурстық құжаттамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізудің тәртібі мен мерзімдері	5
11. Конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеу және ұсыну	6
12. Конкурсқа қатысуға өтінімдердің мазмұны	6
13. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарастыру, бағалау және салыстыру	6
№1 қосымша. Сатып алынатын Тауарлар/Қызметтер/Жұмыстардың тізбесі	10
№2 қосымша. Лот №	11
№3 қосымша. Конкурсқа қатысуға өтінім нысаны (заңды тұлғалар үшін)	113

 АЗИЯЛЫҚ ЕСИЕ ҚОРЫ АЗИАТСКИЙ КРЕДИТНЫЙ ФОНД ASIAN CREDIT FUND	1.0 нұсқасы	13 беттің 3 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

1. Сипаттама және сатып алынатын қызметтердің талап етілетін техникалық, сапалық, сандық және пайдаланушылық ерекшеліктері

- 1.1. Сатып алынатын тауарлар/қызметтер/жұмыстардың сипаттамасы мен талап етілетін техникалық, сапалық, сандық және пайдаланушылық ерекшеліктері Техникалық сипаттамада көрсетілген (Конкурстық құжаттамаға №1 қосымша).
- 1.2. №1 қосымша қажетіне қарай компанияның www.asiancreditfund.com сайтында орналастырылады.

2. Тауарлар/жұмыстар/қызметтерді жеткізу орны, талап етілетін мерзімі (кестесі) және жеткізу шарттары, ұсынылатын қызметтердің сапасына кепілдік беру

- 2.1. Тауарлар/жұмыстар/қызметтерді жеткізу орны, талап етілетін мерзімі (кестесі) және жеткізу шарттары, ұсынылатын қызметтердің сапасына кепілдік беру (Конкурстық құжаттамаға №1 қосымша) және Техникалық сипаттама (Конкурстық құжаттамаға №2 қосымша).

3. Төлем шарттары

- 3.1. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер үшін төлем шоты қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлем шотында көрсетілген өнім берушінің есеп айырысу шотына ақша аудару жолымен қызметтерді қабылдау-беру актісінің негізінде төлемге шот берген күннен бастап төлем жүргізеді.
- 3.2. Төлем алдындағы қажет болатын құжаттар:
 - 3.2.1. қол қойылған және тіркелген шарт;
 - 3.2.2. құрылтай құжаттар, (ЖК үшін – тіркеу туралы куәлік);
 - 3.2.3. қызметтердің қабылдау-өткізу актісі;
 - 3.2.4. шот-фактура;
 - 3.2.5. төлемге шот.

4. Бағаның шартты төмендеуіне әсер ететін әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін бағалаудың және салыстырудың барлық міндетті критерийлерінің сипаттамасы

- 4.1. Әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға қабылданбаған өтінімдерін сатып алу комиссиясы осы конкурстық құжаттамада қамтылған өлшемшарттарға сәйкес салыстырады және бағаланады. Конкурстың жеңімпазы ең төменгі баға негізінде, сондай-ақ мынадай критерийлер бойынша жиналған мынадай шартты балдардың қолданылуын ескере отырып айқындалады:

№	Критерий	Балдар саны
1	Барлық ұсынылған баға ұсынымдары арасындағы ең төмен баға	15

 АЗИЯЛЫҚ ЕСИЕ ҚОРЫ АЗИАТСКИЙ КРЕДИТНЫЙ ФОНД ASIAN CREDIT FUND	1.0 нұсқасы	13 беттің 4 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

№	Критерий	Балдар саны
2	Әлеуетті өнім берушінің тапсырыс берушімен жұмыс істеу тәжірибесі бар	1
3	Әлеуетті өнім беруші шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады (ЖШС, АҚ, ЖК)	1
4	Төлем шарттары жеткізілімге дейін 50% және тауарлар/қызметтер/жұмыстар жеткізілгеннен кейін 50% төлемді білдіреді	2
5	Әлеуетті өнім беруші мүгедектер ұйымы (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлға) болып табылады	1
6	Әлеуетті өнім берушінің соңғы 7 жыл ішінде сатып алынатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы (сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі хат түрінде ресми расталуы тиіс)	1
7	Әлеуетті өнім берушіде ҚР бойынша филиалдардың/өкілдіктердің тармақталған желісінің немесе ҚР барлық өңірлеріне жеткізу мүмкіндігінің болуы	1
8	Өнім берушіде ESG стандарттарының болуы	1
9	Тауарларды/қызметтерді/жұмыстарды жеткізу Шартта көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады	1
10	Төлем шарттары (шарт) АҚШ долларының бағамына байланысты емес	2

5. Баға ұсынымының мазмұнынан қойылатын талаптар

- 5.1. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы оларды тасымалдауға және сақтандыруға, кедендік баждарды, басқа да салықтарды, алымдарды, сондай-ақ қызмет көрсету шарттарында көзделген өзге де шығыстарды төлеуге жұмсалған шығыстары қоса алғанда, ҚҚС ескеріле отырып, бірлік бағасын, сондай-ақ қызметтердің жалпы бағасын қамтуға тиіс. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

6. Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы көрсетілуі тиіс валюта немесе валюталар және оларды салыстыру және бағалау мақсатында баға ұсыныстарын бірыңғай валютаға келтіру үшін қолданылатын бағам

- 6.1. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы теңгемен көрсетілуге тиіс. Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмайтын әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы өзге валютада көрсетілуі мүмкін.
- 6.2. Егер әлеуетті өнім берушілердің баға ұсыныстары әртүрлі валюталарда көрсетілсе, онда оларды бағалау және салыстыру үшін олар конкурста қатысуға өтінімдері бар конверттерді ашу күніне Қазақстан Республикасының ұлттық валютасының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген шетел валюталарына ресми бағамы бойынша Қазақстан Республикасының валютасына, теңгеге аударылады.

 Азиялық Несие Қоры АЗИАТСКИЙ КРЕДИТНЫЙ ФОНД ASIAN CREDIT FUND	1.0 нұсқасы	13 беттің 5 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

7. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді құру және ұсыну тіліне қойылатын талаптар

- 7.1. Конкурсқа қатысуға өтінім Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тілде жасалады. Бұл ретте конкурсқа қатысуға өтінімде басқа тілде жасалған құжаттар болуы мүмкін, егер оларға конкурстық құжаттама тіліне нақты аударма қоса берілсе, бұл жағдайда аударма артықшылығы болады.

8. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді өзгерту және оларды қайтару

- 8.1. Әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі аяқталғанға дейін өзінің конкурсқа қатысуға өтінімін өзгерте алады. Өзгерісті енгізу конкурсқа қатысуға өтінімнің өзі сияқты дайындалуы, ұсынылуы тиіс (компанияның сайтында).
- 8.2. Конкурсқа қатысуға өтінімді кері қайтарып алу туралы хабарлама әлеуетті өнім беруші қол қойған және мөрмен бекітілген (жеке тұлға үшін, егер бар болса) Тапсырыс берушінің атына ерікті өтініш түрінде ресімделеді.
- 8.3. Егер өзгерістерді Тапсырыс беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін алған болса, конкурсқа қатысуға өтінімге өзгерістер енгізу жарамды болып табылады.
- 8.4. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткеннен кейін өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге жол берілмейді.
- 8.5. Әлеуетті өнім беруші оның конкурсқа қатысуына байланысты барлық шығындарды көтереді. Тапсырыс беруші конкурс қорытындыларына қарамастан осы шығыстарды өтеу бойынша міндеттемелерді көтермейді.

9. Әлеуетті өнім берушілер олардың көмегімен конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме сұрата алатын тәсілдер

- 9.1. Конкурстық құжаттаманы алған әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы жазбаша сұрау салуға құқылы.
- 9.2. Тапсырыс беруші сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей оған кез келген қолжетімді тәсілмен жауап беруге міндетті.

10. Конкурстық құжаттамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу тәртібі мен мерзімдері

- 10.1. Сатып алынатын тауарлар/жұмыстар/көрсетілетін қызметтер тізбесіне өзгерістер мен толықтыруларды Тапсырыс беруші белгіленген тәртіппен конкурсқа қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде енгізеді. Бұл ретте конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің соңғы мерзімі кемінде күнтізбелік 10 (он) күнге ұзартылады.

 АЗИЯЛЫҚ ЕСИЕ ҚОРЫ АЗИАТСКИЙ КРЕДИТНЫЙ ФОНД ASIAN CREDIT FUND	1.0 нұсқасы	13 беттің 6 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

11. Конкурсқа қатысуға өтінімді ресімдеу және ұсыну

- 11.1. Конкурсқа қатысуға өтінімді әлеуетті өнім беруші Тапсырыс берушіге өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін компанияның сайтында «Сатып алу» бөлімінде орналастыру арқылы ұсынады.
- 11.2. Әлеуетті өнім берушіге грамматикалық немесе арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, конкурсқа қатысуға өтінімде жолдар арасында ешқандай кірістірулер, түзетулер немесе тіркемелер болмауы керек.
- 11.3. Әлеуетті өнім берушілер немесе олардың уәкілетті өкілдері ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдер хронологиялық тәртіппен әлеуетті өнім берушілер туралы мәліметтерді, конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, журналда тіркеледі. Сатып алу комиссиясының хатшысы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің өкілінде конкурсқа қатысуға өтінім беру жөніндегі өкілеттіктердің болуын тексереді.
- 11.4. Конкурсқа қатысуға өтінімнің қолданылу мерзімі кемінде 10 күнтізбелік күн болуға тиіс.

12. Конкурсқа қатысуға өтінімдердің мазмұны

- 12.1. Конкурсқа қатысуға өтінім әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуге келісімін білдіру нысаны болып табылады.
- 12.2. Конкурсқа қатысуға өтінімде мыналар болуы тиіс:
 - 12.2.1. № 2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім беруші толтырған және қол қойған конкурсқа қатысуға өтінім;
 - 12.2.2. № 3 қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті өнім беруші қол қойған әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы;
 - 12.2.3. заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі,
 - 12.2.4. құрылтайшылар туралы мәліметтері құжаттың көшірмесі;
 - 12.2.5. әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын тағайындау (сайлау) туралы құжаттың көшірмесі;
 - 12.2.6. әлеуетті өнім берушінің жарғысына сәйкес әлеуетті өнім берушінің атынан сенімхатсыз сөз сөйлеуге құқығы бар әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысын қоспағанда, әлеуетті өнім берушінің мүдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) конкурсқа қатысуға өтінімге қол қою құқығына сенімхат қажет болған жағдайда.

13. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау, бағалау және салыстыру, конкурс қорытындысын шығару

- 13.1. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді сатып алу комиссиясы өтінімдердің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды. Конкурстық құжаттамада көрсетілген негіздер бойынша қабылданбаған өтінімдерді сатып алынатын қызметтерді көрсету бағасы бойынша ең жақсы шарттарды ұсынған конкурс жеңімпазын таңдау мақсатында сатып алу комиссиясы салыстырады және бағалайды.
- 13.2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді компанияның сатып алу комиссиясы конкурсқа қатысуға алғашқы өтінімді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын

 	1.0 нұсқасы	13 беттің 7 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

мерзімде қарайды. Күрделі техникалық сипаттамалары мен ерекшеліктері бар қызметтерді сатып алуды жүргізу кезінде өтінімдерді сатып алу комиссиясы сарапшыны (сараптама комиссиясын) тарта отырып, Конкурсқа қатысуға өтінімдермен танысқан күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.

- 13.3. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде сатып алу комиссиясы:
- 13.3.1. әлеуетті өнім берушілерден өтінімдерді (ұсынылған бағаны (жеңілдіктерді) және техникалық ерекшелікті қоспағанда) қарау, бағалау және салыстыру үшін қажетті материалдар мен түсіндірмелерді сұрату;
 - 13.3.2. өтінімдерде қамтылған мәліметтерді нақтылау мақсатында тиісті мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан қажетті ақпаратты сұрату.
- 13.4. Сатып алу комиссиясы конкурсқа қатысуға өтінімді мына жағдайда қайтарады:
- 13.4.1. конкурсқа қатысуға өтінімді конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп тану;
 - 13.4.2. егер әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа қатысуға өтінім берген басқа әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылса;
 - 13.4.3. әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы сатып алуға бөлінген сомадан асып түседі;
 - 13.4.4. баға ұсынысында көрсетілген құн мен баға басқа баға ұсыныстарынан жоғары;
 - 13.4.5. әлеуетті өнім беруші сенімсіз әлеуетті өнім берушілердің (өнім берушілердің) тізбесінен тұрады.
- 13.5. Конкурсқа қатысуға қабылданбаған өтінімдерді сатып алу комиссиясы конкурстық құжаттамада қамтылған өлшемшарттарға сәйкес салыстырады және бағалайды. Конкурс жеңімпазы конкурстық құжаттамада қамтылған өлшемшарттарды қолдануды ескере отырып есептелетін ең төмен шартты баға негізінде айқындалады.
- 13.6. Салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада қамтылған өлшемшарттарды қолдануды ескере отырып есептелетін ең төмен шартты бағадан кейінгі баға негізінде айқындалады.
- 13.7. Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған кезде сатып алынатын қызметтердің отандық әлеуетті өнім берушісі жеңімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) болып танылады. Отандық қызмет көрсетушілердің баға ұсыныстары тең болған кезде конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын қызметтер нарығында үлкен жұмыс тәжірибесі бар отандық қызмет көрсетуші жеңімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) болып танылады. Тендерлік баға ұсыныстарының шартты бағалары тең болған жағдайда, отандық қызмет көрсетуші болмаған жағдайда, конкурстың мәні болып табылатын сатып алынатын қызметтер нарығында үлкен жұмыс тәжірибесі бар әлеуетті өнім беруші жеңімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) деп танылады. Баға ұсыныстары тең болған және сатып алынатын қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесі тең болған кезде (немесе әлеуетті өнім берушілер ұсынған құжаттар негізінде жұмыс тәжірибесін айқындау мүмкін болмаған жағдайда) конкурсқа қатысуға бұрын өтінім берген әлеуетті өнім беруші жеңімпаз (немесе салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім беруші) деп танылады.
- 13.8. Конкурс қорытындысы хаттамамен ресімделеді. Конкурс қорытындылары туралы хаттамаға сатып алу комиссиясының құрамы және оның хатшысы қол қояды және бұрыштама қояды.

 	1.0 нұсқасы	13 беттің 8 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

- 13.9. Конкурс қорытындылары туралы хаттамада мына ақпарат болуы тиіс:
- 13.9.1. қорытындыларды жасау орны мен уақыты туралы;
 - 13.9.2. конкурсқа қатысуға түскен әлеуетті өнім берушілердің өтінімдері туралы;
 - 13.9.3. ҚҚС ескере отырып, сатып алу жоспарында көзделген сатып алу үшін бөлінген сома туралы;
 - 13.9.4. қабылданбаған өтінімдер, қабылданбау негіздері туралы;
 - 13.9.5. конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес деп танылған әлеуетті өнім берушілер туралы;
 - 13.9.6. бағалау критерийлерін қолдану нәтижелері туралы;
 - 13.9.7. конкурс қорытындылары туралы;
 - 13.9.8. егер сатып алу өткізілген жағдайда сатып алу туралы шарт жасасу сомасы мен мерзімдері туралы;
 - 13.9.9. екінші орынды иеленген әлеуетті өнім беруші туралы;
 - 13.9.10. Сатып алу комиссиясының қарауы бойынша өзге ақпарат.
- 13.10. Конкурсты Сатып алу комиссиясы мына жағдайларда өткізілмеген деп таниды:
- 13.10.1. кем дегенде екі әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсыну;
 - 13.10.2. екінші орын алған жеңімпаздың немесе әлеуетті өнім берушінің шарт жасасудан жалтаруы.
- 13.11. Егер конкурс тәсілімен сатып алу өткізілмеді деп танылса, Тапсырыс беруші мынадай шешімдердің бірін қабылдауға құқылы:
- 13.11.1. конкурс тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;
 - 13.11.2. конкурстық құжаттаманы өзгерту және конкурс тәсілімен сатып алуды қайта өткізу туралы;
 - 13.11.3. бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы.
- 13.12. Тапсырыс беруші конкурс қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей:
- 13.12.1. жеңімпазға хабарлама жібереді;
 - 13.12.2. қажет болған жағдайда конкурс қорытындылары туралы хаттаманы Тапсырыс берушінің веб-сайтында орналастырады.
- 13.13. Салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні конкурс жеңімпазы деп айқындау туралы Тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімі салыстыру және бағалау қорытындылары бойынша екінші орын алған әлеуетті өнім берушіні конкурс жеңімпазы деп айқындау туралы хаттамамен ресімделеді, онда сатып алу туралы шарт жасасу сомасы мен мерзімдері қамтылуға тиіс. Тапсырыс беруші хаттамаға қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей:
- 13.13.1. жеңімпазға кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлама жібереді;
 - 13.13.2. конкурс қорытындылары туралы хаттаманы Тапсырыс берушінің веб-сайтында орналастырады.

	1.0 нұсқасы	13 беттің 9 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

Қосымшалар:

- 1) сатып алынатын тауарлардың/көрсетілетін қызметтердің/жұмыстардың тізбесі (конкурс және конкурстық құжаттаманы өткізу қағидаларына № 1 қосымша)
- 2) заңды тұлғалар үшін әлеуетті өнім берушінің өтінім нысаны (конкурсты және конкурстық құжаттаманы өткізу қағидаларына № 2 қосымша)
- 3) баға ұсынысының нысаны (конкурсты және конкурстық құжаттаманы өткізу қағидаларына № 3 қосымша)

	1.0 нұсқасы	13 беттің 10 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

**«Конкурсты өткізу ережелері
және Конкурстық құжаттамаға»
№ 1 қосымша**

**Сатып алынатын
Тауарлар/Қызметтер/Жұмыстардың тізбесі
Лот №**

Лот №	Тапсырыс берушінің атауы	Қызметтің атауы	Өлшеу бірлігі	Саны	Қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізілетін орны	Алдын-ала төлем мөлшері, %
1	2	3	4	5	6	7	8
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС						

 АЗИЯЛЫҚ ЕСИЕ ҚОРЫ АЗИАТСКИЙ КРЕДИТНЫЙ ФОНД ASIAN CREDIT FUND	1.0 нұсқасы	13 беттің 11 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

**«Конкурсты өткізу ережелері
және Конкурстық құжаттамаға»
№ 2 қосымша**

Конкурса қатысуға өтінім нысаны (заңды тұлғалар үшін)

Кімге: «Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС

(сатып алуды ұйымдастырушының атауы көрсетіледі)

Кімнен:

(әлеуетті өнім берушінің толық атауы көрсетіледі)

1. Конкурса қатысуға үміткер заңды тұлға (әлеуетті өнім беруші) туралы мәліметтер:

Әлеуетті өнім берушінің заңды, пошталық мекенжайы және электрондық пошта мекенжайы, байланыс телефондары	
Салық төлеушінің тіркеу нөмірі	
Банктің немесе оның филиалының толық атауын қоса алғанда, заңды тұлғаның банктік деректемелері (СТН, БСК, ЖСК)	
Заңды тұлғаның бірінші басшысының аты-жөні	

2. (заңды тұлғаның толық атауы көрсетіледі) осы өтініммен _____ әлеуетті өнім беруші ретінде конкурс тәсілімен сатып алуға қатысуға ниет білдіреді (конкурстың толық атауын немесе лоттың нөмірін көрсету) және осы Ережелерде көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес қызметтер көрсетуге келісімін білдіреді.
3. Әлеуетті өнім беруші осы өтініммен оның конкурс өткізу қағидаларымен және конкурстық құжаттамамен танысқанын және өзінің құқықтылығы, көрсетілетін қызметтердің сапалық және өзге де сипаттамалары, оның авторлық және сабақтас құқықтарды, сондай-ақ өзге де шектеулерді сақтауы туралы анық емес мәліметтерді ұсынғаны _____ (сатып алуды ұйымдастырушының атауын көрсету) және сатып алу комиссиясына бергені үшін жауапкершілік туралы хабардар етілгенін растайды.
4. Әлеуетті өнім беруші осы конкурса қатысуға өтінімде және оған қоса берілген құжаттарда дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін өзіне толық жауапкершілік алады.

 	1.0 нұсқасы	13 беттің 12 беті
	«Азиялық Несие Қоры» МҚҰ» ЖШС үшін тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу бойынша КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМА (корпоративтік сайт арқылы)	

5. Қоса тіркелетін құжаттар тізбесі:

№ р/с	Құжаттың атауы	Түпнұсқа немесе көшірмесі	Парақтар саны

6. Осы конкурсқа қатысуға өтінім ____ күн ішінде қолданылады.

_____/_____/_____

(Заңды тұлғаның – әлеуетті өнім берушінің бірінші басшысының лауазымы, аты-жөні және қолы).

Байланыс деректер:

Тел.: _____

Мекенжайы: _____

Толтырылған күні _____

М.О.

 	Версия 1.0	Страница 13 из 13
	ПРАВИЛА ПРОВЕДЕНИЯ КОНКУРСА И КОНКУРСНАЯ ДОКУМЕНТАЦИЯ по закупке товаров, работ и услуг для ТОО «МФО „Азиатский Кредитный Фонд“» (посредством корпоративного сайта)	

**«Конкурсты өткізу ережелері
және Конкурстық құжаттамаға»
№ 2 қосымша**

Әлеуетті өнім берушінің баға ұсынымының нысаны (әлеуетті өнім берушінің атауы)

№ р/с	Мазмұны	
1	Қызмет атауы	
2	Өлшем бірлігі	
3	ҚҚС қоса есептегенде _____ бірлік үшін бағасы _____	
4	Саны (көлемі)	
5	Жалпы бағасы, _____ ҚҚС қоса есептегенде, шарттың талаптарына байланысты және қызметтерді көрсету үшін қажет әлеуеттің өнім берушінің барлық шығыстарын қоса алғанда	

Біз сатып алынатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер тізбесінде сипатталған Сіздердің төлем шарттарыңызбен келісеміз.

(Қолы)
М.О.

(лауазымы, аты-жөні)

Ескертпе: әлеуетті өнім беруші жалпы бағаның құрамдас бөліктерін көрсетпеуі мүмкін, бұл ретте 5-жолда көрсетілген бағаны сатып алу комиссиясы әлеуетті өнім берушінің барлық шығындарын ескере отырып айқындалған ретінде қарайды және қайта қарауға жатпайды.